

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 275-278

ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЯН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

*Исламов Е.И., Абишев М.С.,
Бұршақбаева Л.М.*

Қазіргі уақытта елімізде халықты экологиялық таза өнімдермен, оның ішінде әсіресе ет өнімдерімен қамтамасыз ету – агроөндірістік кешеннің басты міндеттері болып табылады. Аталған міндеттерді орындау және тұрақты даму деңгейіне шығу экономикалық жағынан тиімді, әрі дұрыс саланы таңдауға тікелей байланысты.

Қоян шаруашылығы – мал шаруашылығының тиімді саласының бірі болып табылады. Жануарлардың өнімділік сапасының жоғары деңгейі, бір ұрғашы қоянның жылына үш рет 5-8-ге дейін көжектеуі, жас көжектердің ұрғашы қояннан бөлген уақытқа дейінгі толық сақталуы, іріктеу, жұптау, ұрықтандыру, бөлу, сонымен қатар шаруашылық жағдайында басқа да қажетті жұмыстарды атқару барысында еңбек күшін аса көп қажет етпеуі қоян шаруашылығы өнімдерін өндірудің тиімділігін арттыра түседі [1].

1980 жылдары барлық КСРО-ы бойынша қоян шаруашылығымен 1500 колхоз бен совхоздар айналысқан. Асыл тұқымды қояндар санының ең жоғары басын ұстаған 115 асыл тұқымды колхоздар мен совхоздар жыл сайын 450-500 мың асыл тұқымды жануарлар басын өсіріп, оларды сатуға жіберіп отырған. Мысалы, бұл жылдары асыл тұқымды қоян шаруашылықтарының ең көп дамыған жері Украина болып есептелінді. Онда КСРО-ның барлық асыл тұқымды қояндарының 50%-ы өсірілді. Қазақстан бойынша осы жылдары Ақмола облысы бойынша қоян шаруашылығымен айналысатын тек қана екі совхоз жұмыс атқарды. Оның бірі Целиноград ауданына қарасты «Рассвет» совхозы (қазіргі атауы Максимовка) және Астрахан ауданында орналасқан «Путь к коммунизму» совхозында (қазіргі атауы Новочеркасск) қоян шаруашылығы жұмыс істеп жатты. «Рассвет» совхозында орналасқан қоян шаруашылығында 300-400 басқа дейін қоян ұсталды. Облыс бойынша қоян шаруашылықтарының ең ірісі, яғни 10 000 бастан астам қоян басын өсіретін «Рассвет» совхозы болып есептелінді. Осыған орай, келешекте шаруашылықты одан әрі ірілендіріп, қояндар басын көбейту мен қоян өнімдерін көптеп өндіру жұмыстары жоспарланды. Алайда КСРО-ның құлдырауының салдарынан жоспарланған жұмыстар жүзеге аспай қалды [2].

Қазіргі уақытта қоян шаруашылығы елімізде жаңадан дамып келе жатқан саланың бірі болып есептелінеді. Осыған орай, қоян өнімдеріне деген сұраныс халық арасында жылдан-жылға артып, қоян шаруашылығымен айналысып жатқан шағын шаруалардың саны көбейіп келеді. Жылдар

күткізбей, жылдам өнім беретін өндірісті дамыту қазіргі кезде осы сала мамандарының алдына қойған мақсаттарының бірі. Елімізде бұл саланың биологиялық ерекшеліктері мен экономикалық тиімділік жағы айтарлықтай назарға алынбаған. Сол себепті жыл бойы адам ағзасы үшін пайдалы ет пен бағалы тері өндіруге болатын бұл жануарлардың саны төмен. Алайда соңғы жылдары мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қаржылай қолдаудың негізінде қоян шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Елімізде асыл тұқымды қоян шаруашылығын дамытуда айтарлықтай үлес қосып отырған аймақтарға: Астана, Петропавловск, Алматы, Қостанай, Ақтөбе сияқты қалаларды жатқызуға болады. Алайда еліміздің әр облысында қоян өнімдеріне деген сұраныс пен баға көрсеткіштері әртүрлі. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында 1 кг қоян еті 1300-1600 теңге тұрса, Ақмола облысында 1 кг қоян еті 1800-2500 теңге, ал Оңтүстік Қазақстан облыстарында бұл баға 1000-1500 теңгені құрайды [3]. Соңғы жылдары халық арасында қоян етіне деген сұраныстың жоғарлауы еліміздің көптеген облыстарында жергілікті тұрғындардың шағын қоян шаруашылығымен айналысып, асыл тұқымды қояндарды тірідей сату мен өнімдерін саудалау табыс табудың негізгі көзі болып отыр. Осыған байланысты қоян шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың басты негізге алатыны қояндардың асыл тұқымдық қасиеттеріне байланысты өсіру бағытын дұрыс таңдай білу, инновациялық технологияларды пайдалану нәтижесінде шығын аз шығарып, сапалы өнім алудың тиімді жолдарын қарастыру.

Зерттеу мәліметтеріне қарағанда қояндардың барлық тұқымдары осыдан 2 000 жыл бұрын, оңтүстің жабайы европалық үй қояндарынан шыққан. Қазіргі уақытта олар Жерорта теңізі жағалауы елдерінде және Батыс Еуропа елдерінде өсіріледі. Жабайы үй қояндарын әртүрлі жағдайда өсіру, яғни күтіп-бағу, азықтандыру және іріктеу нәтижесінде адамдар көптеген үй қояндарының тұқымдарын шығарды. Мысалы, VIII-X ғасырлардың өзінде қоңыр, көк, сары, ақ агути және қара түсті үй қояндарының тұқымдары пайда бола бастады. Кейін олардың салмақтарында, құлақтарының ұзындықтары, қылшық жүндерінің тиіптері бойынша айырмашылықтар байқала түсті. Ең алғаш рет XV ғасырда адамның ғылыми еңбегінің арқасында үй қоянының «патагон» атты тұқымы шығарылған. XVI ғасырда Бельгияда патагондық тұқымнан «фландр» атты тұқым алынды. Кейін «патагон» тұқымы жойылып кетті. Алайда одан алынған басқа да қоян тұқымдары болашақта асылдандыру жұмыстарында кеңінен қолданыла бастады. 1510 жылдан бастап Индия, Сиама және Бирма елдерінен Португалия және Испания елдеріне күміс түсті үй қояндарының тұқымы әкелінді. Қазіргі уақытта бұл тұқымдар барлық Еуропа елдеріне кең таралған.

XVII ғасырдан бастап үй қояндары халық арасында еті мен терісі үшін бағалана бастады. Сөйтіп үй қояны бағалы аң есебінде үлкен маңызға иеленді. Мысалы, XV-XVII ғасырларда күрделі мутация нәтижесінде пайда болған «ангор» атты үй қояндары тұқым ретінде XVIII ғасырда (1770 ж) бекітілді. Сонымен қатар Англияда күміс-қоңыр, күміс-көк, күміс-қызыл қоңыр, күміс-сұр және күміс-сары түсті үй қояндарының тұқымдары;

Бельгияда – бельгиялық крестьянды (теңбіл) үй қоян тұқымы, Францияда – шампань үй қоянының тұқымдары шығарылды. Ең алғаш рет үй қояндарының жаңа зауыттық тұқымдарын шығару жолында Англия, Дания, Франция, Германия, Австрия, Бельгия, Голландия елдері тұрды [4].

Жалпы дүние жүзінде 60 астам қоян тұқымдары белгілі. Елімізде қазіргі уақытта қоян өнімдерін өндіру үшін «Ірі ақ қоян», «Советтік шиншилла», «Күміс түсті қоян» және «Калифорнийялық» қоян тұқымдары өсірілуде.

«Ірі ақ қоян» тұқымы етті-терілі бағыттағы ірі үй қоян тұқымы болып есептелінеді. Аталған тұқым Германия және Бельгия елдерінде ұзақ іріктеудің нәтижесінде ХІХ ғасырдың аяғында шығарылды. Жалпы дене тұрқы ірі, ұзын, арқасы тік, кеудесі жақсы жетілген, орташа басты, орташа құлақты жануарлар. Терісінің түсі таза ақ түсті. Ересек қояндардың орташа тірілей салмақтары 5-5,5 кг болса, жалпы салмақтары 8 кг жетеді. Дене ұзындығы 60-65 см, кеуде орамы 37-38 см. Көбейгіштігі орта есеппен 6-8 көжек. Ұрғашы аналық үй қояндарының тәуіліктік сүт бөлуі 170-220 г. Бұл тұқымды көбіне етті немесе тері бағытында өсіретін жаңа тұқымдарды шығару үшін кеңінен пайдаланады.

«Советтік шиншилла» тұқымы Саратов және Новосибирск облысының аң өсіру совхоздарында «Терісі бағалы аң шаруашылығы және қоян шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының» қызметкерлерімен одақтаса отырып, ғылыми жетекшілік еткен Н.С.Зусманның басшылық етуімен шығарылды. Аталған тұқым «Ірі ақ қоян» және «Шиншилла» тұқымына жататын қояндарды будандастыру арқылы шығарылды. Алынған жануарлардың тұқымдық қасиетін жақсарту бағытында жұптау, іріктеу жұмыстары жүргізілді. «Советтік шиншилла» тұқымы жеке тұқым ретінде 1963 жылы бекітілді. Жалпы аталған тұқымның қоян шаруашылығында басты артықшылығы еттілік өнімділігі мен терісінің сапалық көрсеткіштерінің жоғары болуы. Ересек қояндардың орташа тірідей салмақтары 4-5 кг шамасында, жалпы 7 кг жетеді. Тұқымның негізгі ерекшелігінің бірі әртүрлі климаттық жағдайларда тіршілік етуге бейімделген. Дене ұзындықтары 57-62 см, кеуде орамы 35-38 см. Көбейгіштігі орта есеппен 8 көжек. Ұрғашы қоянның сүттілік өнімділігінің жоғары болуына байланысты көжектері жылдам өсудің жоғары энергиялық қасиетіне ие. 120 күндік жас қояндардың тірілей салмақтары 3,5-4 кг жетеді. Сойыс шығымы тірілей салмағынан 56-62 % [5].

«Күміс түсті» қоян тұқымы ашық алаңдарда ұстауға жақсы бейімделген тұқым болып есептелінеді. Қоян шаруашылықтарында аталған тұқымды дұрыс күтіп-бағу, толық құнды азықтандыру және қажетті зоотехникалық жұмыстарды дұрыс жүргізген жағдайда ұрғашы қояндардың жоғары көбейгіштік қасиетін ескере отырып, шаруашылықтың экономикалық тиімділігін арттыруға үлкен мүмкіндік бар. Аталған тұқымды көгілдір венск тұқымы мен фландр және ірі ақ қоян тұқымдарын күрделі өндірістік будандастыру нәтижесінде шығарған. Аталған қоян тұқымдары дене тұрқының мықты, ұзындау болуымен ерекшеленеді. Бас бөліктері ірі,

құлақтары ұзын (14-18 см), кеуде бөлігі кең және терең дамыған, арқа тұсы тік, омыртқа бөлігі де жақсы жетілген. Ересек қояндардың орташа тірідей салмағы 3,8-6,5 кг жетеді. Ірі ақ қоян мен советтік шиншилла тұқымдарымен салыстыратын болсақ жыныстық жетілумен жоғары көбейгіштік қасиеттері жағынан асып түседі. Көбейгіштігі орта есеппен 8-12 көжек, ал кейде 14 көжекке дейін жетеді. Терісінің түсі бойынша қара-қоңыр түсті түлкілерге ұқсас келеді. Қылшық жүндерінің тығыздығы бойынша аталған тұқым бірінші орын алады. Осыған орай қысы қатты климаттық аймақтарда тіршілік етуге жақсы бейімделген.

«Калифорнийялық» қоян тұқымы арнайы етті бағытта өсірілетін тұқым болып есептелінеді. Аталған тұқым АҚШ-та ірі шиншилла, ақкіс және новозеландық ақ қоян тұқымдарын күрделі өндірістік будандастыру арқылы шығарылған. Ересек қояндардың орташа тірідей салмақтары 4,5 кг шамасында. Қылшық жүндерінің ұзындығы орташа және қалың. Терісінің түсі ақ, сондай-ақ тұмсығының бас бөлігі, аяқтарының төменгі жағы, құйрығының және құлақтарының ұштары қара түсті келеді. Көздері қызыл түсті. Ұрғашы қояндардың көбейгіштігі жоғары және сүтті. Көбейгіштігі орта есеппен 6-10 көжекке дейін. Тіршілік етуінің алғашқы айларында жас көжектердің өсуі жылдамырақ байқалады. Жаңа туылған көжектерінің салмақтары 45-50 г [6].

Келешекте елімізде қоян шаруашылығын өндірістік негізде қолға алу және халық арасында қоян шаруашылығының маңыздылығын арттыру, асыл тұқымды шаруашылықтар санын көбейту, оларды барынша ірілендіру, білікті мамандармен қамтамасыз ету және отандық, сонымен қатар шетелдік мамандардың қоян шаруашылығы саласындағы ғылыми жетістіктерін кеңінен пайдалану нәтижесінде халық қажеттілігі үшін экологиялық таза қоян өнімдерін өндіруге үлкен мүмкіндіктер бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Михайлов И.Н. Методика акселерационного кролиководства «Имеющий уши да здравствует» – Санкт-Петербург, 2009 г. – 5 с.
2. Бывальцев А. К., Вакульчук С.М. Промышленное кролиководство. – Симферополь: Таврия, 1988. – 64 с.
3. Исламов Е.И., Буршакбаева Л.М., Калашинова А. Ақмола облысы жағдайында қоян шаруашылығы өнімдерін жаңа инновациялық технология негізінде өндіру. «Агроөндірістік кешенде ғылым мен өндірістің интеграциясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Павлодар 2014. – 285-289 с.
4. Помытко В. Н., Александров В. Н. Учебная книга кролиководства. – М.: Агропромиздат, 1995. – 256 с.
5. Sivakumar K, Thiruvankadan A.K, Kumar R.S, Muralidharan J, Singh A.P, Saravanan R, Jeyakumar M. Analysis of production and reproduction

performances of soviet chinchilla and white giant rabbits in tropical climatic conditions of India. World Rabbit Science, №2. – 104 с. DOI:10.4995/wrs.2013.1208.

6. Бондаренко С. П. Содержание кроликов мясных пород. АСТ-Сталкер, 2003. – 218 с.